Бекітемін:

Мектеп директоры: У.Нысанбаева

# Тақырыбы: «Қоғамға қызмет» жобасының жоспары

**Тақырыбы:** «Қарттарым – асыл қазынам»

**Мақсаты**:

Қарт адамдарға
үздіксіз көмек көрсету, үлкендерді құрметтеу, ата әжелердің ақыл-кеңестерін тыңдап, ақ тілек, ақ батасын алу және оқушылардың қамқорлық пен жанашырлық сезімдерін ояту арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.

***Міндеттері***:

*1)* Оқушыларға үздіксіз қоғамға қызмет ету арқылы қамқорлық жасау туралы түсінік қалыптастыру.

2) Көмекке мұқтаж, қарт адамдармен танысу арқылы оларға көмек көрсету барысында, оқушылардың жанашырлық, қамқорлық қасиеттерін дамыту.

3) Оқушылардың көмекке мұқтаж адамдарға деген қамқорлық көрсетуге, жасы үлкен, қарт адамдарға деген құрметпен қарым-қатынас жасауға, сыйлауға, оларды бағалай білуге және мейрімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Оқудан тыс іс- әрекеттердің жобасын өткізудің даярлық жоспары:**

1. Оқушылармен ақылдаса отырып, қарттарға қамқорлық жасау айына байланысты, көмекке мұқтаж қарт адамдардың үйіне барып көмек көрсетуге ниетімізді білдіру.
2. Ауылдағы көмекке мұқтаж және науқас қарт адамдардың аты-жөнімен танысып, көмегімізді көрсетуге қарт адамды таңдап алу.
3. Таңдап алған қарт адам жайлы мәлімет жинау, мекен жайын, телефонын алып, алдын ала ол адаммен хабарласып, тұратын мекен-жайына барып көмек көрсетуге рұқсатын алу.

4. Оқудан тыс іс-шараны өткізбес бұрын, оқушыларға алдын ала

біздің не істейтінімізді, не үшін, неліктен және кімге көмек көрсететінімізді, ол адам туралы толық мәлімет беру үшін «Қарттарым – асыл қазынам» атты сынып сағатын өткізу.

5. Оқушылардың бойына жағымды әсер қалдыру мақсатымен сынып сағаты кезінде қамқорлық туралы, жанашырлық, мейірімділік, сүйіспеншілік туралы өмірден алынған мысалдар келтіру, аңыз-әңгімелерді айту.

**Іс-шараны өткізудің жоспары:**

1. Мектеп директорыныдың рұқсатымен оқушылардың сабақтан бос уақыттырында көмекке мұқтаж қарт адамның үйіне бару.

2. Қарт адамның ауласын, толықтай жинастырып беру арқылы көмегімізді көрсету.

3. Қарт адаммен рухани-адамгершілік жылы қарым-қатынас құру мақсатында қарт кісінің әңгімелерін тыңдау.

Қарт адаммен бірге естелікке суретке түсу.

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 7-сынып оқушыларымен біргелесіп ардагер ұстаз Оразымбетов Сүндет ағайдың үйіне барып қарттар күніне орай жәрдем берілгені туралы

## АНЫҚТАМА

06.10.2021ж қарттар күніне орай 7-сынып оқушыларымен біргелесіп ардагер ұстаз Оразымбетов Сүндет ағайдың үйіне барып үйдің ауласын тазалау, ағаш талдарын бұтау, үй жанандағы үйінді қыштарын сыртқа шығару жұмыстарына көмек беріп қайтты.

*Орындаган: Д.Майлашова, Р.Айткулова*

**Мектеп директоры: У.Нысанбаева**



Қарттар күніне орай мектеп оқушыларымен бірге барып көмек қолын создық.





Қарттар күніне орай мектеп оқушыларымен бірге барып көмек қолын создық.



№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналық мемлекеттік мекемесі «Қоғамға қызмет» жобасы аясында 7-8-9сыныптың ерікті оқушыларымен біргелесіп ардагер ұстаз Оразымбетов Сүндет ағайдың үйіне барып ауласын тазалауға жәрдем берілгені туралы

# АНЫҚТАМА

Күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және «Қоғамға қызмет» жобасы негізінде ерікті оқушылардан құрылған топ болып 04.11.2021ж күні Ардагар ұстаз Оразымбетов Сүндет ағайдың үйіне барып ауласын тазалау жұмыстарына өз үлестерін қосты.

***Орындаған:*** *Д.Майлашова*



*«Қоғамға қызмет жобасы» аясында ерікті оқушылармен қарт кісілердің үйіне барып ауласына тазалық жұмыстары жүргізілді*



№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналық мемлекеттік мекемесінде 1-қазан «Қарттар күніне» орай ерікті оқушылардың қарт кісілердің үйіне барып үй жұмыстарына қолқабыс жасауы туралы

**Мәлімет**

«Қарты бар үйдің, қазынасы бар» деп 1-қазан күні мерекеге орай ұйымдастырушы-педагог Д.Майлашова және тәлімгер У.Айхынбаева мен бірге 9б-сынып оқушыларымен, мектебіміздің ардагер ұстазы Оразымбетов Сүндет ағайды мерекемен құттықтап барып және де оқушылар үй жұмыстарына, сырттағы қора-қопсықтарын ауласын тазартуға қол қабыс жасады. Сонымен бірге көптеген ардагер ұстаздарымызды мектеп оқушылары сынып жетекшілірімен біргелесіп барып мерекемен құттықтап қайтты. Қарт ұстаздарымыз өз ризашылығын білдіріп, оқушыларға батасын берді.

***Орындаған:*** *Д.Майлашова*







№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналық мемлекеттік мекемесінде оқушылардың Күзгі коникулды тыйымды пайдалану мақсатында ерікті оқушылармен қарт кісілердің үйіне барып үй жұмыстарына қолқабыс жасауы туралы

## АНЫҚТАМА

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 7-10 сыныптар арасында «Қоғамға қызмет» жобасы аясында челлендж болып өтті, соны мен бірге ерікті оқушылармен қарт кісілердің үйіне барып үй жұмыстарына қолғабыс жасап қайтты.

Мақсаты: Оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттерді, мейрімділікке, қайрымдылыққа, қамқорлыққа, кішіпейілділікке, тәрбиелеу. Ауылдағы қарт адамдарға көмек көрсете отырып, қамқорлық пен жанашырлық сезімдерін ояту арқылы жалпы адамзаттық құндылықтардың мәнін ашу.



